

Лаос Халық Демократиялық Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Сыртқы істер министрі Сомсават Лейнгсават мырзаның және Парагвай Республикасының Сыртқы істер министрі Лейла Рашид де Коулс ханымның Алматы және Астана қалаларында сапарларын дайындау мен өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 24 наурыздағы N 63-ө
Өкімі

2005 жылғы 25 наурыз - 1 сәуірде Лаос Халық Демократиялық Республикасы (бұдан әрі - Лаос) Премьер-Министрінің орынбасары, Сыртқы істер министрі Сомсават Лейнгсаваттың және 2005 жылғы 26 наурыз - 1 сәуірде Парагвай Республикасының (бұдан әрі - Парагвай) Сыртқы істер министрі Лейла Рашид де Коулстың Алматы және Астана қалаларында сапарларын дайындау және өткізу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:

қосымшаға сәйкес 2005 жылғы 25 наурыз - 1 сәуірде Лаос Премьер-Министрінің орынбасары, Сыртқы істер министрі Сомсават Лейнгсаваттың және 2005 жылғы 26 наурыз - 1 сәуірде Парагвайдың Сыртқы істер министрі Лейла Рашид де Коулстың Қазақстан Республикасына Алматы және Астана қалаларында сапарларын (бұдан әрі - сапар) дайындау мен өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2005 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге, оның ішінде қонақ үйде тұруға 1880940 теңге сомасында қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) Лаос және Парагвай делегацияларына Алматы мен Астана қалаларының әуежайларында қызмет көрсету бойынша жәрдем көрсетсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша) Алматы және Астана қалаларының әуежайларында, тұратын және болатын жерлерінде Лаостың және Парагвайдың делегациялары мүшелерінің қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша олармен бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі сапарлардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

5. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 24 наурыздағы
N 63 - өкiмiнe
қосымша

**Лаос Халық Демократиялық Республикасы және
Парагвай Республикасы делегацияларының мүшелеріне
қызмет көрсету жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру
іс-шаралары**

1. Лаос (1+3) және Парагвай (1+2) делегацияларының мүшелерін Алматы қаласында "Хайятт Ридженси" қонақ үйінде орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Хайятт Ридженси" қонақ үйінде орналастыру.
3. Баспа өнімдерін жасау (бейджер, автомобильдерге арналған арнайы рұқсатнамалар, куверткалар).
4. Лаос және Парагвай делегациялары үшін белгіленген тәртіппен кәдесыйлар мен сыйлықтар сатып алу.
5. Алматы және Астана қалаларының әуежайларында Лаостың және Парагвайдың делегацияларына қызмет көрсету.
6. Қазақстан Республикасының Үкіметінде Лаос Премьер-Министрінің орынбасары, Сыртқы істер министрі мен Парагвай Сыртқы істер министрінің кездесулерін ұйымдастыру.
7. Қазақстан Республикасының Үкіметінде баспасөз мәслихатын ұйымдастыру.
8. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің атынан Лаос Премьер-Министрінің орынбасары, Сыртқы істер министрінің және Парагвай Сыртқы істер министрінің құрметіне қабылдау ұйымдастыру.
9. Лаос және Парагвай делегацияларының мүшелеріне медициналық қызмет көрсету (қажет болған жағдайда).